

МАЗМҮНІ:

«БЕКІТІЛДІ»

«Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК
директоры



К. К. Нурмуханов

2018 ЖЫЛ

**«Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы»
ШЖҚ КМК –ның 2018-2022 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

МАЗМҰНЫ:

1 БӨЛІМ. Кіріспе	
1.1 Миссия.....	
1.2 Пайымы.....	
1.3 Этикалық принциптер мен құндылықтар	
2 БӨЛІМ. Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының ағымдағы жағдайын талдау:	
2.1 Сыртқы ортаның факторларын талдау.....	
2.2 Айнала факторларын талдау.....	
2.3 Ішкі ортаның факторларын талдау.....	
2.4 SWOT- анализының матрицасы	
2.5 Қауіптерді басқаруды талдау	
3 БӨЛІМ. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және мақсатты индикаторлар	
1 Стратегиялық бағыт: Қаржыландыруды және басқаруды тиімділеу	
2 Стратегиялық бағыт: Науқасқа бағыталу	
3 Стратегиялық бағыт: Кадр жетіспеушілігін жою, мамандардың біліктілігін арттыру	
4 Стратегиялық бағыт: (ішкі процесстер) арнаулы наркологиялық көмек көрсету сапасын жоғарлату	

1. Кіріспе

1.1 Миссия:

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша кәсіптік, мейірімділік, қолжетімділік, жауапкершілікті басшылыққа ала отырып, халыққа тиімді, сапалы психиатриялық және наркологиялық көмек көрсету.

1.2 Пайымдау:

Азаматтардың психикалық денсаулығын жақсартуға бағытталған, адам және мемлекет арасындағы ортақ жауапкершілік принциптеріне негізделген сапалы медициналық қызмет көрсетумен ұштасқан экономикалық рентабелділігін және қолжетімділік пен қатар денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, медициналық көмек көрсету жүйесін қалыптастыру.

1.3 Құндылықтар және этикалық принциптер:

Біздің орталықтың басты құндылығы – адамдар және олардың денсаулығы, біздер науқастардың физикалық әлеуметтік және эмоционалдық сұраныстарын түсінеміз және де олардың психикалық денсаулығы мен өмірлерінің сапасын қолдауға қажет деп табылды. Азаматтарға, әрбір науқастың туысқандарына бір біріне мейіріммен қарау әрбір медициналық қызметкердің міндеті болып табылады. Біздің мекеменің этикалық кодексі денсаулық сақтау саласының қызметкері мен науқас және қоғам арасындағы қарым қатынастарды белгілейді және өзінің қызметіне қоғам мен азаматтардың алдында денсаулық сақтау қызметінің жоғары моральдік жауапкершілікті тұлғаның денсаулығын, құқығын, намысын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Ағымдағы жағдайды талдау:

2.1 Сыртқы ортаның факторларын талдау:

Адамның психикалық денсаулығы өмірінің жағдайымен сыртқы орта факторларымен айқындалады. Бұл факторлар адамға өмір бойы әсер етеді және әлеуметтік болып табылады. Алдымен олар психикалық даму мен психикалық жағдайына әсерін тигізеді. Жағымсыз сыртқы факторлар әсер еткенде адамның психикасылық денсаулығының әртүрлі бұзылыстары болады. Бұл бұзылыстар көбіне уақытша болып табылып сау адамда да пайда болуы мүмкін. Адамның психикасына жағымсыз әсерін тигізетін сыртқы факторларға:

- Эмоционалдық және интеллектуалдық жүктемелермен байланысты аса көп мөлшердегі психикалық жүктемелер.
- Психологиялық жарақат келтіретін жағдайлар (стресстер, конфликтар).
- Сыртқы айналаның жағымсыз факторлары (шу, көзбен көру ашуландырғыш мөлшері көп болуы, жағысыз экологиялық жағдай т.б)
- Салауатты өмір салтының сақталмауы.

Жоғарыда аталған факторлар мінездің қалыптасуына әсерін тигізеді. Мінез – бұл қызметіндегі және қарым-қатынастағы айқындалатын жеке тұлғаның тұрақты ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінезінің жекеленген шамадан тыс күшейту, сайлау осалдық акцентуация деп аталады. Акцентуация тұлғаның негізінен темперамент типімен байланысты жеткіншек жас аралығында ресімделеді, содан кейін бірте-бірте реттеліп психиканы жарақаттайтын жағдайларда ғана өткір білінеді. Егер мінез акцентуациясы үнемі айқындалса, оны мінезінің патологиясы деп айтуға болады, яғни психопатия. Психопатияны емдеуге мүмкін емес, өйткені оның негізінде темпераментінің

ерекшеліктері жатыр. Кейде әлеуметтік бейімделуге бағытталған психологиялық жұмыс оң нәтиже береді. Мінез оң өзгертулерді дамыту және теріс мінез-құлық формаларын түсіну арқылы кейбір түзетулерге ұшырауы мүмкін. Психикалық денсаулық – бұл адамға қоршаған ортаға ойдағыдай бейімделуге мүмкіндік беретін психикалық ерекшеліктер. Әдетте адамның объективті шындықтың субъективті түрлерін, өзіне қабылдауға қабілеттілік, ақпаратты есте сақтау, ұстап қалу, ойлау қалыптасатын сәйкестігін, сыншылдығы жатқызады. Психикалық денсаулыққа қарама-қарсы - психикалық ауытқулар, психикалық бұзылулар және психикалық аурулар жатқызылады. Психикалық денсаулық - адамның психикасының тұрақты және барабар, оның негізгі психикалық функцияларды - ойлау, жад және басқа да жұмыс істеуі. Бұл қондырғыларының жиынтығы, қасиеттерді және функционалдық қабілеттеріне мүмкіндік беретін ортаға бейімделу. Адам өз қоғамының стандарттарынан бас тартса жүйке ауруымен ауыратын деп танылған болуы мүмкін. Сонымен қатар әр түрлі мәдениеттер мен әрбір мәдениеттің түрлі уақыт шеңберінде психикалық аурудың түсініктері әр түрлі.

Атырау облысының наркоэкспансиясы географиялық орналасуымен және Ресей Федерациясының шекаралас болуымен байланысты. сонымен қатар бұл елдердің шекаралары есірткі тасымалдауға транзит болып, халқы наркочиллер болып есептелуі ықтимал.

Бұл себептер психотроптық заттардың және есірткі құралдары заңсыз айналымы мен сақталуы және заңсыз тұтыну елдің экономикасына, жалпы елдің ұлттық қауіпсіздінің құқықтық тәртібіне, халықтың денсаулығына қауіп төндіретін

Қазақстандағы қазіргі ахуалдың себепшісі болды. Есірткінің заңсыз айналымы және оларды заңсыз тұтыну өзара тығыз байланысты бірқатар факторлар. Осындай факторлардың бірі есірткінің заңсыз айналымымен операциялардың жоғары кіріс әкелуі болып табылады. Сарапшылардың мониторинг нәтижесінде алынған деректері бойынша есірткімен байланысты заңсыз операциялардың кірісі Қазақстанда 500 және одан да көп пайызды құрайтын соңғы жылдары тұрақты болып қалады.

Құқық қорғау органдарының бағалауы бойынша заңсыз айналымдағы героин ауғаннаң шығады және контрабандалық жолмен жеткізіледі.

Кеден одағының жұмыс істеу және Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жағдайында, қылмыстық наркотоптардың әрекеттері трансұлттық байланыстары әсіресе шекаралас өңірлерде нақты қатер төндіреді.

Басқа сыртқы фактор болып, Қазақстандағы есірткі ахуалына еуропалық елдерден әртүрлі синтетикалық есірткілерді контрабандалық жеткізудің кеңейту болып табылады.

2.2 Айнала факторларын талдау:

Атырау облысында психикалық және тәртіптік бұзылу бойынша **Алғашқы аурушандық** көрсеткіші 2017 жылғы 100 мың халыққа шаққанда 45,5 (2016 жылы -38,6) болды.

Психо белсенді заттарды тұтыну нәтижесінде психикалық және тәртіптік бұзылу бойынша алғашқы аурушандық көрсеткіші 2017 жылғы 100 мың халыққа шаққанда 50,3 (2016 жылы -67,7) болды.

Осымен психикалық бұзылу аурушандығы 15,2% өсуі ал наркологиялық аурушандық 25,7% төмендеуі байқалады.

Атырау облысында психикалық және тәртіптік бұзылу бойынша 2017 жылы есепке тіркелгендер саны 5575 (2016ж.-5530) адам болды. Атырау облысында 100 мың халыққа шаққанда 2017 жылғы психиатриялық есепке тіркелгендер көрсеткіші 917,6 (2016ж. – 930,1). 1,3% өскен.

Атырау облысы бойынша Психо белсенді заттарды (бұдан әрі- ПБЗ) тұтыну нәтижесінде психикалық және тәртіптік бұзылу бойынша 2017 жылы есепке тіркелгендер саны 3983 (2016ж.-4363) адам. Атырау облысында 100 мың халыққа шаққанда 2017 жылғы наркологиялық есепке тіркелгендер көрсеткіші 654,1 (2016г.- 733,8). 10,9% төмендеген.

Атырау облысында психикалық және тәртіптік бұзылу бойынша жалпы есепке тіркелегендерден алғанда 48,8% мүгедектер болып табылады. 2017 жылы мүгедектік алғашқы рет 63 науқасқа тағайындалды.

2017 жылы психикалық аурулар бойынша қатынас көрсеткіші 67,3%, наркологиялық аурулар бойынша қатынас көрсеткіші 21,2%. Психикалық белсенді затты пайдалану фактісін және мас болу жағдайын анықтау үшін **медициналық куәландыру** Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталығында тәулік бойы өткізіледі. 2017 жылы куәландырылған адам саны 11268, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 19,6% көп. (2016ж.-9057).

Стационар орнын басатын көмек көрсету мақсатында психиатриялық науқастарға арналған 50 керуеттік және 30 керуеттік наркологиялық науқастарға арналған күндізгі стационар қызмет атқарады. Күндізгі стационар бойынша наркологиялық жоспар бойынша 600 (2016ж. -500) науқас, ал 2017 жылы 603 (2016ж.-510) науқас емделді. Барлығы 4799 (2016ж.-4075) күн ем алды. Емделудің орташа көрсеткіші 7,9 (2016ж.-7,9) күн.

Психиатриялық науқастарды емдеу жоспары бойынша 350 (2016ж. -350) науқас. 2017 жылы емделгендер саны 350 (2016ж.-350) . барлығы 14466 (2016ж.-15875) күн. Емделудің орташа көрсеткіші 41,3(2016ж.-45,3) күн.

Атырау облысының тұрғындарына **психиатриялық тәуліктік стационарлық көмек** 150 керуетті, **наркологиялық көмек** бойынша 95 керуетті (олардың 50 керуеті еріксіземдеу бөлімшесі) құрайды.

2017жылы психиатриялық стационарда 1022 (2016ж. -979) науқас емделді. 2017 жылы 52398, ал 2016 жылы – 52505 күн емделді. Науқастың орташа емделген күнінің көрсеткіші 51,3.

Наркологиялық стационар бойынша 1 және 2 сатысында 428 (2016ж.- 441) науқас емделді. 2017жылы 10187, ал 2016 жылы – 12410 күн емделді. Науқастың орташа емделген күнінің көрсеткіші 23,8 күн. Науқастардың 1 деңгейдегі емделген көрсеткіштері 2 деңгейден артық. Бұл науқастар 1 сатылы емделуден кейін ауруханадан шығатынына байланысты жағдайы жақсарып шыққан науқастар саны 70,4%, емделгендер саны 25,5%. Бұл көрсеткіштер науқастар толық емделу курстарын алмайтындығы туралы айтады. Емделуге деген ынтасы төмен, 1 сатыдан кейін ары қарай емделуден бас тартады.

2017 жылы психиатриялық және наркологиялық стационар көрсеткіштері бойынша **өлім көрсеткіші** – ноль.

Наркологиялық науқастарды мәжбүрлеп емдеу үшін **Еріксіз емдеу бөлімшесі** қызмет атқарады. Еріксіз емдеу бөлімшесінің жоспары бойынша 100 –ден 2017 жылы 74 (2016ж.- 79) науқас емделген. Барлығы науқастар емделген күн саны 13516 (2016ж. -12307). Орындалу көрсеткіші 75,1%.

Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталығы (Бұдан әрі - УБУО) 28 керует санымен Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы негізінде қызмет атқарады.

2017 жылы УБУ-ға 11192 (2016ж.-12046) адам жеткізілді, 7,1 % төмен. Жеткізілгендер санынан 6505 (2016 ж.-6961) науқас УБУО-ға жатқызылды.

Психиатриялық және наркологиялық науқастарға әлеуметтік оңалту мақсатында әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетіледі.

2017 жылы бөлімшелердің психологтары психодиагностика және психотүзету түрінде 1899 жеке кеңес беру жұмыстары, 406 топтық жұмыс және тренингтер, 32 тәуелдес азаматтармен, 457 арт-терапии жұмыстары жүргізілді; 47 медициналық қызметкер психологиялық кеңес алды.

Әлеуметтік қызметкерлер наркологиялық науқастарға 504 жеке кеңес беру қызметін көрсетті. Олардан 158 науқас құқықтық көмек алды. Наркологиялық науқастарды әлеуметтік оңалту жұмысын тиімділеу мақсатында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне 62 науқастың тізімдері жолданды. Жоғалған құжаттарын жасақтау және жұмысқа орналастыру жұмыстары жалғасуда.

Психиатриялық науқастар үшін 412 пациенттің мүгедектігін ресімделуі және қайта ресімделуі жасақталды, олардан бастапқы мүгедектікті 34 пациент алды. 29 жәрдемақы ресімделді. Оңалтудың жеке бағдарламасымен үйлестіру Департаменті арқылы 56 науқас ресімделді. Сарайшық поселкесіндегі психохрониктерге арналған мүгедектер үйіне 13 науқас орналастырылды.

Тамыз айынан бастап 2017 жылғы Атырау облысы бойынша **алмастырушы қолдаушы терапия** (методон терапиясы) инъекциялық есірткі қолданатын науқастар үшін ҚР-да АИТВ/ЖИТС эпидемиясына қарсы әрекет жасау мақсатында енгізілген. Бағдарламаға 7 пациент енгізілді. Мерзімінен бұрын бағдарламадан 2 пациент шықты. 2017 жылдың соңында 5 науқас алмастырушы қолдаушы терапиясын алады.

Сенім телефоны. 2008 жылдан бастап облыстық психикалық денсаулық орталығында сенім телефонымен суицидологиялық кабинет жұмыс істейді. 2017 жылы сенім телефонына барлығы 128 абонент хабарласты қаладан 100, ауданнан – 28. Мазмұны бойынша әңгімелесу: әлеуметтік-демографиялық мәселелері – 42, жеке мәселелер бойынша – 26, дін мәселесі бойынша -2, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша- 35.

Облыс халқының арасында суицидтің алдын алу. Атырау облысы тұрғындарының арасында суицидтің алдын алу шаралары әсіресе кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша әлеуметтік - маңызды ауруларды алдын алуды нығайту мақсатында Атырау облысы әкімінің орынбасарымен бекітілген 2016-2018 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспар әзірленіп жүзеге асырылып жатыр.

2017 жылы Атырау облысы бойынша 48 (2016ж.-66) аяқталған суицид тіркелді, бұл 100 мың халыққа шаққанда көрсеткіші 8,1 (2016ж.- 11,2). Жасөспірімдер арасында суицид саны 4 (2016ж. -4) жағдай орын алды. Балалар арасында 2017 жылы суицид тіркелмеген 2016 жылы 2 жағдай орын алды.

Аяқталмаған суицид саны 215 (2016ж.-215), бұл бұл 100 мың халыққа шаққанда көрсеткіші 36,5 (2016ж.- 36,5). Жасөспірімдер арасында саны 6 аяқталмаған суицид тіркелді, 2016-2017 жылдары балалар арасында суицидтар тіркелмеген.

Облыстық психикалық денсаулық орталығының психологтары мен басқа әлеуметтік мекемелердің психологтарымен ынтымақтастық орнатылған. Суицид тәуекелмен тұлғалар туралы ақпарат облыстық психикалық денсаулық орталығының психологтарында шоғырланады, онда әрбір жағдайы тексеріледі, себептері айқындалады және жою жолдарының себептері белгіленеді, одан әрі мүдделі органдар хабардар ету схемасы бойынша (алгоритм бойынша) хабарланады.



Аяқталған суицид бойынша мобильді топ шығады суицид тексеруді және профилактикалық жұмыстар жүргізеді.


2.3 Ішкі органың факторларын талдау:

Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы психиатриялық науқастар үшін бес жеке тұрған 1938-1990 жылы салынған бір қабатты, типтік емес ғимараттарда (барлығы басқа да ғимараттар – 14) орналасқан, 2008 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Жер телімінің көлемі 1,5631 га.

Наркологиялық науқастардың емдеу үшін 1982 жылы салынған типтік емес ғимарат. Екінші корпусы (1987 жылы салынған) 50 төсек орындық мәжбүрлеп емдеу бөлімшесі облыс орталығынан 200 км қашықтықта Индер ауданы Индербор кентінде орналасқан.

Атырау облысы бойынша қызмет көрсетілетін халықтың саны 594 562 адам, Атырау қаласы бойынша 302 213 адам.





Қазақстан Республикасының 2017-2018 жылдары Атырау облыс орталығында психикалық денсаулықты сақтау қызметін дамыту бойынша жол картасын іске асыру шеңберінде «Кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы» Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №1 Қаулысы негізінде психиатриялық және наркологиялық қызметтері біріктірілді.

Атырау облысы денсаулық сақтау Басқармасының 2017 жылғы 09 қазандағы № 681 бұйрығы негізінде Атырау қаласының № 1,2,3,4,7 емханаларында 5 бастауыш психикалық денсаулық орталықтары құрылды.

Атырау облысы денсаулық сақтау Басқармасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №828 бұйрығы негізінде 5 бастапқы психикалық денсаулық орталықтарының дәрігер- психиатр наркологтары амбулаториялық-емханалық көмек көрсетеді. Амбулаториялық-емханалық көмек психиатриялық және наркологиялық қызметтерін емханалардың штатына беру 2018 жылғы 01 шілдеде болады. Қалалық емханалардың бастапқы психикалық денсаулық орталығының (Бұдан әрі – БПДО) штатына 10 учаскелік психиатр-нарколог дәрігерлері, 10 медбике, 1 балалар психиатры берілетін болады.

бастапқы психикалық денсаулық орталықтарының қалалық емханаларда орналасуы.

№	Аталуы	Мекен жайы	БПДО саны
1	№1 Қалалық емхана	Студенческий даңғылы 196	1 БПДО
2	№2 Қалалық емхана	Азаттық даңғылы 32	1 БПДО
3	№3 Қалалық емхана	Баймуханова көш., 39	1 БПДО
4	№4 Қалалық емхана	Строительная көш., 1а	1 БПДО
5	№7 Қалалық емхана	Алмагүл ы/а, 35	1 БПДО
	Облыс бойынша		5 БПДО

Кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе. 2017 жылы мекемеде 9 психиатр жұмыс істеді, қажеттілігі 16,5; нарколог дәрігерлер 13, қажеттілік 29,5. Қажеттілік бойынша дәрігер - психиатр 45,5% , дәрігер -наркологтардың 56% -ды құрайды. Барлық мамандықтар бойынша дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлері жүйелі түрде (1 реттен 5 жыл аралығында) ел ішінде біліктілігін арттырады.

дәрігер - психиатрлардың санаттылығы – 86%. Психиатриялық профильдегі орта буын қызметкерлерінің санаттылығы – 53%. Дәрігер-наркологтардың санаттылығы – 30,8%. Наркологиялық профильдегі орта буын қызметкерлерінің санаттылығы– 86,4%.

Қаржыландыру ресурстары.

2017 жылы облыстық психиатриялық қызметін қаржыландыруға бюджетінен 294 306,0 мың теңге бөлінді. Қаражат 100% игерілді. Қаржы жұмсалуды: 58% - жалақы және салықтар; 7% - емделушілерді тамақтандыру, 13% - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; 5% - коммуналдық қызметтер.

Облыстық психикалық денсаулық орталығында ақылы қызмет көрсетіледі. Ақылы қызмет көрсету қызметінен түсетін түсімдер 2017 жылға 69 000,0 мың теңге. Ақылы қызметтерден шығатын шығыс: 35% - жалақы және салықтар; 5,5% - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; 2,6% - іссапар шығыстары. Қызметкерлерге төленген сыйлықақы көлемі- 38%.

Облыстық наркологиялық қызметті қаржыландыруға бюджеттен 2017 жылы 264 461, 902 мың теңге бөлінді. Қаражат 100% игерілді. Қаржы жұмсалғаны: 70% - жалақы және салықтар; 5,6% - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; 17,7% - ы - коммуналдық қызметтер. 2017 жылға ақылы қызметтен түсетін түсімдер 92 529,7 мың теңге. Ақылы қызметтерден шығыс: 55% еңбекақы мен салықтар; 6,7% - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; 0,4% - іссапар шығыстары. Әлеуметтік сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері 11,7%.

2.4 SWOT - талдауының матрицасы

	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Клиенттер		1. Наркологиялық қызметке сенімсіздік білдіру.
Ресурстар	1. Психиатриялық және наркологиялық патологиясы бар науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсетуші жалғыз мемлекеттік мекеме.	1. Дәрігерлік құрамының төмен санаттылығы. 2. Психотерапиялық әдістемелерін дағдыларын пайдалануы болмауы. 3. Бөлімшелердің алыс орналасуы. 4. Типтік ғимараттар.
Процестер	1. Науқастарды дәрі-дәрмекпен түзету.	1. Психотерапиялық әдістерді қолданудың төмендігі.
Қаржыландыру	1. Бюджеттен тыс қаражаттарды тарту.	
	Мүмкіндіктер	Қауіптер
Клиенттер	1. Психологиялық денсаулық саласындағы тұрғындардағы жоғары қажеттілік.	1. Психикалық денсаулық орталықтарының клиенттерінің, әсіресе ПБЗ –дан тәуелді науқастар келмеуі.
Ресурстар	1. Дәрігерлік құрамды психотерапиялық	

	дағдыларға оқыту.	
Процестер	1. Консультативтік-диагностикалық қызметтер. 2. Невроз емдеу бөлімшесін ашу.	1. Емделу күндерінің жоспарлы орындалмауы. 3. Науқастарды 2 сатылы емделу курсының қамтамасыз ету төленділігі. 4. Еріксіз емделуден өтетін науқастардың төменділік қауіпі. 5. Керует санын азайту
Қаржыландыру	1. Республикалық бюджеттен тұрақты түрде қаржыландыру.	1. Жабдықтар мен қосалқы бөлшектерге өнім берушілердің бағаларының өсуі.

2.5 Тәуекелдерді басқаруды талдау.

Аталуы	Тәуекелдер әсер ету мүмкіндікті мақсаты	Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылданбаған жағдайда салдарлардың болуы мүмкіндігі	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған шаралар	Тәуекелдерді басқару бойынша шараларды жүзеге асыру	Орындалмау себептері
1	2	3	4	5	6
Сыртқы факторлар					
Жабдықтар мен қосалқы бөлшектерге бағаларының өсуі.	Емдеу хаттамаларын толық орындау	Мамандандырылған көмек көрсету жеткіліксіздігі.	Өнім берушілермен келесем шарттар жасақтау		
Жаңа синтетикалық есерткілерің пайда болуы	Наркологиялық бейін бойынша сырқаттанушылық көрсеткішінің төмендеуі	Наркологиялық бейін бойынша сырқаттанушылық көрсеткішінің өсуі.	Бастапқы профилактика бойынша іс шараларды күшейту.	Бастапқы профилактика бойынша іс шараларды қолдану	Қаржыландыру көзі жоқ.
Әлеуметтік ортаның қауіпті суицидалды мінез-құлқына әсері	Тұрғындар арасында суицидтардың төмендеуі	Тұрғындар арасында суицидтардың өсуі	Суицидті тәуекелдерді басқарудың іс шараларын күшейту.		

Халық арасында психикалық аурулардың дамуына сыртқы орта факторларының ықпалы.	Психиатриялық патологиямен бастапқы аурушандықтың төмендеуі.	Психиатриялық патологиямен бастапқы аурушандықтың өсуі.	Алғашқы профилактика бойынша шараларды күшейту.		
Ішкі факторлар					
Негізделген шағымдар	Негізделген шағымдардың болмауы	Науқастың медициналық көмектің сапасымен қанағаттанбауы	- Қызметкерлермен жұмыс жасау, мінез-құлық қақтығысы бойынша ішкі оқыту мәселелері, шағымдарды шешу тәсілдері. - Шағымдарды алдын алу алгоритмі. Персоналды ынталандыру жүйесін жетілдіру.	Қызметкерлермен жұмыс жасау, мінез-құлық қақтығысы бойынша ішкі оқыту мәселелері, шағымдарды шешу тәсілдері. - Шағымдарды алдын алу алгоритмі. Персоналды ынталандыру жүйесін жетілдіру. Ескертуші және түзетуші әрекеттері. Персоналды ынталандыру жүйесін жетілдіру.	Шағымдар туындауына жеткіліксіз профилактикалық жұмыстары
Халыққа жеткіліксіз мамандандырылған көмек	Оңалту іс-шараларын жүргізу	Ремиссиялардың төмен деңгейі	Дәрігерлік құрамды психотерапиялық әдістемелерге оқыту		Жеткіліксіз қаржыландыру
Психотерпиялық науқастардың персоналға шабуыл жасау	Персоналдың қауіпсіздігі	Персоналдың психологиялық және физикалық денсаулығының төмендеуі	3. Персоналды қауіпсіздік дағдыларына оқыту		
			4. Бейнебақылау орнату	Бейнебақылау орнатылды	
ПБЗ-ға тәуелді науқастарды оңалтудың толыққанды курстарымен төмен	ПБЗ-ға тәуелді науқастардың ремиссия көрсеткішін арттыру.	ПБЗ-ға тәуелді науқастардың ремиссия көрсеткішін төмендету.	Персоналды психотерапия әдістемелеріне оқыту.	Психотерапия бойынша дәрігерлік құрамды оқытуға бағыттау	

қамтылуы.					
Төтенше жағдайлардың (Бұдан әрі - ТЖ), қолайсыз жағдайлардың пайда болуы.	Науқастардың қауіпсіздігі	Төтенше жағдайлардың, қолайсыз жағдайлардың пайда болуы.	Бақылау, хабарлау жүйесінің жұмысын бейнебақылау жүйелерінің жұмысқа жарамдылығын ТЖ кезіндегі әрекет бойынша персоналды оқыту.	Бақылау, хабарлау жүйесінің жұмысын бейнебақылау жүйелерінің жұмысқа жарамдылығын ТЖ кезіндегі әрекет бойынша персоналды оқыту.	ТЖ бойынша жұмыс сапасының төменділігі
Ауруханаішілік инфекцияларының туындау мүмкіндігі	Ауруханаішілік инфекцияларының	Ауруханаішілік инфекцияларының туындау	Инфекциялық бақылау бағдарламасы, тері-инфекциялық бақылау жұмысы, персоналды оқыту	Инфекциялық бақылау бағдарламасы, тері-инфекциялық бақылау жұмысы, персоналды оқыту.	Эпидемиологтың жұмыс сапасының төменділігі

5. Стратегиялық бағыттары, мақсаттары және нысаналы индикаторлары

1 Стратегиялық бағыты: Басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру

Мақсаты 1.1: Психикалық денсаулық қызметі және оның функцияларын орындау үшін қолайлы жағдайлар жасау

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Ағымдағы жылғы факт	Жоспар				
						2018ж.	2019ж..	2020ж..	2021ж..	2022ж..
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Нысаналы индикаторлар										
1	МСАК ұйымдастырудағы амбулаториялық қызметті интеграциялау		ДСБ бұйрығы	Директор		2018 жылғы шілде				
2	Біліктілігін арттырудан өткен менеджерлердің саны.		Сертификат	Директор		1	1	1	1	1
3	Компьютерлік жарактандыру		Талдау		70%	70%	80%	90%	100%	100%
4	Нашақорлық және алкогольге тәуелді адамдарға қарқынды ем көрсету		ДСБ бұйрығы	Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасары						
5	Психобелсенді заттарды сандық және сапалық анықтау үшін	Бірлік .	Сатып алу-сату келісім шарты,	Директор				+		

	биологиялық орталарға хроматографиялық зерттеу өткізу.		сертификат							
6	Ерікті акредиттеу ресімі	Сертификат	ДСБ бұйрығы	заңгер, экономист, Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары, ӘШЖ орынбасары, бөлімше меңгерушілері, стат.кабинет				2020 жыл		
7	Пациенттерге көмек көрсету үшін еңбек жағдайларын жақсарту	Ғимаратты күрделі жөндеу	Орындалған жұмыс актісі	Директор ӘШЖ орынбасары Экономист			100000,0			
8	Дебиторлық және кредиторлық берешек болуы									
Міндеттері										
1	Наркологиялық науқастар үшін 5 төсектік қарқынды терапия бөлімшесін ашу.		ДСБ бұйрығы	Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары			2 тоқсан			
2	Денсаулық сақтау менеджерлерінің біліктілігін арттыру		Сертификат	Директор		1	1	1	1	1
3	IT инфрақұрылымын жаңғырту		Сатып алу-сату келісім шарты, сертификат	Директор ӘШЖ орынбасары Экономист						
4	Адамның биологиялық ортасындағы психобелсенді заттарды анықтауға арналған хроматографиялық жабдығын алу	Бірлік	Сатып алу-сату келісім шарты, сертификат	Директор				12500000 тенге		

2 Стратегиялық бағыт: нақасқа бағытталған бағыт

2.1Мақсат: Тұрғындардың наркологиялық көмек көрсету сапасына қанағаттылығын арттыру

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2017 жылғы факт	Жоспар				
						2018ж.	2019ж..	2020ж..	2021ж..	2022ж..

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Нысаналы индикаторлар										
1	Негізделген шағымдар көрсеткіші.		Шағымдар тіркеу журналы	Ішкі аудит	0%	0%	0%	0%	0%	0%
2	Пациенттердің қанағаттанушылық көрсеткіші	Теріс пікірлер	Сауалнама	Ішкі аудит бойынша эксперт	80%	80%	100%	100%	100%	100%
3	Хаттамаларға сәйкес ТМККК шеңберінде пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету	Хаттамаларды сақтау	Электрондық деректер қоры	Экономист, Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары, бас медбике	85%	90%	100%	100%	100%	100%
4	Невроз және депрессиялық жағдайдағы деңгейде алғашқы бұзушылықтар көрсеткіші.	100 мың. Халыққа шаққанда	Есептік форма № 025-у и № 030-2/у	МИАЦ						
5	Стационарлық емдеуден өткен психикалық және мінез-құлық бұзылушылық науқастардың жылдық көрсеткіштері	%	Есептік форма № 025-у и № 030-2/у	Бөлімше меңгерушілері МИАЦ	4%	6%	8%	10%	12%	15%
6	Мәжбүрлеп емдеуден өткен пациенттердің жылдық ремиссия көрсеткіші	%	Есептік форма № 025-у и № 030-2/у	Бөлімше меңгерушілері МИАЦ	4%	6%	8%	10%	12%	15%
7	Алкогольге тәуелділікпен есепте тұрған пациенттердің арасында ремиссия таралу көрсеткіші (ұзақтығы 1 жыл және одан жоғары)	%	Амбулаториялық науқастың медициналық картасы – Есептік форма №025-у	МИАЦ	29,9%	30%	32%	35%	37%	40%
8	Есірткіге тәуелділікпен есепте тұрған пациенттердің арасында ремиссия таралу көрсеткіші (ұзақтығы 1 жыл және одан жоғары)	%	Амбулаториялық науқастың медициналық картасы – Есептік форма №025-у	МИАЦ	15,7%	16%	18%	19%	20%	22%
9	Стационардағы медәлеуметтік оңалту бағдарламасынан ерте кеткен пациенттердің үлес салмағы	%	Стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы №066/у-нысаны	Стационар меңгерушілері	66%	44%	20% артық емес	18% артық емес	16% артық емес	15% Не более
10	1 кезеңнен 2 кезеңге ауыстырылған ПБЗ-ға тәуелді пациенттердің үлес салмағы.	%	Стационардан шыққан науқастың	Заведующие стационаром	41,8%	39%	60% аз емес	65% аз емес	70% аз емес	75% аз емес

			статистикалық картасы №066/у-нысаны Стационардың керует санының және науқастардың қозғалысы парағы							
11	«Денсаулық» бағдарламасын іске асыру мақсатында ПБЗ-ың зиянды қолданумен есепте тұрған адамдар санының көрсеткіштері		ЭРНБ есептік мәліметтері		-	129,8	139,1	128,5	127,4	127,0
Міндеттер										
1	Емнің кезең-кезеңділігіме қамтамасыз ету.	%	Емдеу хаттамалары	Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары Бөлімше меңгерушілері	25%	30%	40%	50%	60%	75%
2	Ұзартылған нейролептиктерді кең енгізу және үлесін арттыру		Емдеу хаттамалары	Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары Бөлімше меңгерушілері	5	7,5	10	12,5	15	17,5
3	Әлеуметтік және оңалту көмегін көрсету	%	Емдеу хаттамалары	Директордың емдеу жұмысы бойынша орынбасарлары Бөлімше меңгерушілері	25%	30%	40%	50%	60%	75%

3 Стратегиялық бағыт: Мамандар біліктілігін арттыру және маман тапшылығын жою

3.1 Мақсаты Медициналық қызмет көрсету процесін білікті мамандармен қамтамасыз ету.

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	Ағымдағы жылғы факт	Жоспар				
						2018ж.	2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж.

			фактісі					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
4.1.1	Қаржылық барлығы, соның ішінде							
	1.1. Мақсаты							
	БП 253 009 011 Туберкулезбен, инфекциялық аурулармен, психикалық бұзылулардан (аурулардан) және тәртіптік бұзылулардан зардап шегетін, соның ішінде психобелсенді заттарды тұтынатын тұлғаларға медициналық көмек көрсету	млн.тенге	544 285,0	434013,0	434013,0	434013,0	434013,0	434013,0
	Ақылы қызмет	млн.тенге	161 529,7	160980,0	160980,0	160980,0	160980,0	160980,0
	Итого	млн.тенге	705 814,0	450 111,0	450 111,0	450 111,0	450 111,0	450 111,0

Қысқартулар